

## **Тренинг тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі балабақша мен ата – ананың рөлі»**

**Мақсаты:** қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата – ана тәрбиесінің әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым – қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру.

Ата – аналардың балабақшамен, тәрбиешімен тығыз байланысын арттыру. Балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

**Әдістері:** пікір алмасу, сұрақ – жауап, сауалнама, психологиялық жаттығулар.

### **Тренинг бағдарламасы:**

1. «Танысу» жаттығуы.
2. Топқа бөлу.
3. Ой жинақтау.
4. «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы.
5. Ситуациялық сұрақтар.
6. Тест «Бала тәрбиесі».
7. «Ашық айтсам..» анкетасы.
8. Ойын: «Мені таны»
9. Қорытынды.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата – аналар! Бүгінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата – ана ролі» атты тренинг – сабагымызға кош келдіңіздер!

#### **1. Танысу жаттығуы.**

Ата – аналар шенбер бойымен тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы үш қасиетін кезекпен айтып шығады. Өмірлік ұстанымын да айтады. Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар? Не қындық келтірді?

#### **2. Топқа бөлу.**

##### **Тренинг:**

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діні ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырак, діні болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырак таңдадыңыздар, сіздер не үшін дінін таңдадыңыздар соны тобынызben келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, кошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоктық смес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты калайтындар. Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- діңгекті, «жапырак тобы»- жапырақты саламыз.

(Музыкалық сүйемел, қалам - қағаздар)

Ұстаздарыңызға деген талап - тілектеріңізді «тамыр тобы»- тамырға, «діңгек тобы» - діңгекке, «жапырак тобы» - жапыраққа жазыныздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп,

балаларыңыздың қызығын көрейік.

(музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)

### 3. Ой жинақтау.

Үш топқа такырып беріледі. Ата – аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады.

1 топ. Балаларды теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері.

2 топ. Бала үшін тәрбиеші мен ата – ана арасында қандай байланыс болуы керек?

3 топ. Бала тәрбиесі үшін ата-ананың рөлі қандай? Балабақшаның ше?

### 4. «Жанұя өйинің» сергіту жаттығуы:

1. Балаңыздың туған күні?

2. Тәрбиешісіңің толық аты – жөні?

3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?

4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?

5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

6. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?

7. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?

8. Балаңызға ашууланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?

9. Балаңыздың ең жақын досы кім?

10. Тәрбиешіге ұсынысыңыз,

тілегіңіз.

Ата – аналар  
ортага шығып, берілген сұрақтарға тез жауап береді.

### 5. Ситуациялық сұрақтар.

Ата – аналар үстел үстінен үлестірмелі қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

2. Баламен сөйлессе білу де үлкен өнер, Мысалы: тұн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшак қалай ұшады,.... деген сиякты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?

3. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата – аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сез естуге тұра келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Кейбір ата – аналардың баласының әрбір іс – әрекетіне көnlі толмай: «Сен сала алмайсын, сен істей алмайсын», – деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

5. Балаңыздың тәртібі жайлы білгініз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді қатулы қабақ, ашуулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?

6. Балаңыз қандайда бір теріс іс – әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

### 6. Сауалнама: “Сіз қандай ата – анасыз?”

1. Кез келген ісіңізді тастай салып баламен айналыса аласыз ба?

2. Балалардың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

3. Балаңызben қарым – қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

5. Балаңыз жасаған іс ашууландырган кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

6. Балаңыздың орнына өзіңді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
8. Өзіңдің басыныздан өткен балалық шағыныздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүргегін жаракаттайтын сөздерді, сейлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып уәденізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік, бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көніл аудармайысыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі екенін білесіз, соған карсы тұра аласыз ба?

#### **Жауабы:**

1. Эрқашан жасаймын, келісемін – 3 балл
2. Кейде ғана келісемін – 2 балл
3. Келіспеймін – 1 балл

Саялнаманы бағалау өлшемдері:

- 0 – 16. Бала тәрбиесі – сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың қомегіне сүйеніңіз.
- 16 – 30. Балаға қамқорлық жасау – бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойынызға тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде катал, кейде мұлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.
- 30 – 39. Бала сіздің өмірінің үшін ең күнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

#### **7. «Ашығын айтсам».**

Ата – аналарға тәмендегідей бланкілер таратылып толтырылады.

Менің тренинг барысында түйгенім —————

Бәрінен де маган мына жаттығу ұнады —————

Жүргізушіге ұсыныс —————

Маған ең пайдалы, күнды болған —————

Мен бұдан да ашық, шынайы болар едім, егер —————

Маған ұнамағаны —————

Ең жақсы ұнғаны —————

Келесі тренингте мен келесі жайттарды білгім келеді —————

Тренинг жүргізуші сізге ұнады ма? —————

Тренинг жүргізушінің орнында мен болсам —————

Тренингті қорытындылау —————

Қолы —————

#### **8.Ойын: «Кім екенін тап»**

Әрбір адам өзінің аты - жөнін көрсетпей, өз - өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

#### **9. Қорытынды.**

Ата – анаға көз куаныш,

Алдына алған еркесі,

Көніліне көп жұбаныш.

Гүлденіп ой – өлкесі,- деп Абай атамыз ата – ананың куанышы, гүлденген үміт, арманы тек

перзент сую, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген еken. Ендеше, ата – аналар, колымызды алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайык. Адам да өмір сиякты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайык: «Отбасында берілген тәрбие жігерінді күм қылыш, жерге қаратпасын десен балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер», - деп ата – бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уакытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата – ана мен балабақша өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл – қыздары жан – жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.

Ата-аналар алтын уақыттарынызды бөліп келгендерінізге көп-көп ракмет! Отбасыларынызға бакыттың нұры жаусын! Сау болыңыздар.